

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ  
2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

**Астана 2011**

## МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ.....	3
I. СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ 2010 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ .....	4
Ұлттық шоттар статистикасы.....	4
Өндіріс статистикасы .....	5
Қызмет көрсету статистикасы .....	5
Баға статистикасы.....	6
Әлеуметтік және демографиялық статистика.....	7
Еңбек және үй шаруашылықтарын зерттеу статистикасы .....	8
II. АГЕНТТІКТІҢ 2010-2014 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ.....	9
1-Стратегиялық бағыт бойынша .....	9
2-Стратегиялық бағыт бойынша .....	10
3-Стратегиялық бағыт бойынша .....	11
4-Стратегиялық бағыт бойынша .....	11
5-Стратегиялық бағыт бойынша .....	11
III. СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР.....	12
Статистикалық ақпаратты пайдаланушылар үшін қызметтер .....	12
Жарияланымдар .....	12
Интернет және электронды тарату .....	13
Респонденттерге арналған қызметтер, статистикалық жүктемені төмендету .....	14
IV. СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ СТАТИСТИКА .....	15
Кадрлық потенциалы .....	15
Халықаралық ынтымақтастық .....	16
Ақпараттық технологиялар.....	17
Статистика саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру ...	19
Сапа менеджменті жүйесі .....	21
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ .....	22



## Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының кіріспе сөзі

Статистика органдары үшін 2010 жыл Қазақстанның мемлекеттік статистикасының 90 жылдығымен және Дүниежүзілік Статистика күнінің өткізілуімен есте қалды.

Статистика өмір шындығын сандарда көрсетеді. Ол мемлекеттік проблемалардың дұрыс шешімдерінің қабылдануы, олардың алдын алу, сондай-ақ қоғам мен тұтастай елдің даму серпінін қадағалау үшін қажет.

Біздің республикамызда айтарлықтай өзгерістер жүруде, олар тек статистикалық көрсеткіштерде ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік статистика жүйесінің өзінде көрінеді.

БҰҰ жариялаған адам құқықтарының арасында дәйекті және объективті ақпарат алу құқығы да бар, ол басқа өмірлік маңызды құқықтармен қатар мойындалады. Елдің экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық салаларында жүріп жатқан процестер туралы ақпаратқа Үкімет ғана емес, сонымен бірге әрбір азамат қол жеткізе алуы керек. Азаматтардың барлық құқықтары, соның ішінде объективті және дәйекті ақпарат алу құқығы толықтай іске асырылуы керек. Мемлекеттік статистика барлық қоғамға қызмет етіп, көпшілік қауымның пікірлері мен мүдделерін ескеруі қажет.

# I. СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ 2010 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

## ҰЛТТЫҚ ШОТТАР СТАТИСТИКАСЫ

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес құрылымдық статистика бойынша 10 және конъюктуралық зерттеулер бойынша 14 статистикалық байқау жүргізілді, келесі көрсеткіштердің есептеулері жүргізілді:

- Өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім, тоқсандық және жылдық негізде, ағымдағы және тұрақты бағаларда;
- Табыстар әдісімен жалпы ішкі өнім, тоқсандық және жылдық негізде, ағымдағы бағаларда;
- Түпкілікті пайдалану әдісімен жалпы ішкі өнім, тоқсандық және жылдық негізде, ағымдағы және тұрақты бағаларда;
- Жалпы өңірлік өнім, тоқсандық және жылдық негізде, ағымдағы және тұрақты бағаларда;
- Қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ай сайынғы негізде;
- Еңбек өнімділігі, тоқсандық және жылдық негізде;
- ЖІӨ-де шағын және орта кәсіпкерлік үлесі;
- Кәсіпкерліктің сенімділік индексі;
- Тұтынушылық белсенділігінің индексі.

Келесі шоттар мен теңгерімдер қалыптастырылды:

- ҰШЖ барлық ағымдағы шоттары;
- ҰШЖ жинақтау шоттары – капиталмен операциялар шоты, қаржылық шот;
- «ресурстар-пайдалану» және «шығындар - шығарылым» кестелері;
- Туризмнің қосалқы шоты;
- Негізгі құралдардың теңгерімі.

Жүргізілген есептеулердің нәтижелері бойынша 2010 жылы пайдаланушылар үшін ақпаратты ұсынудың келесі нысандары дайындалды:

Баспасөз-хабарламалары – 28 бірлік; жедел ақпараттар – 47; статистикалық бюллетеньдер – 30; жинақтар – 3; баяндама бөлімдері – 13; электронды кестелер – 13.

## ӨНДІРІС СТАТИСТИКАСЫ

Статистикалық жұмыстардың 2010 жылға арналған жоспарына сәйкес өндіріс саласы статистикасы бойынша 147 статистикалық байқау жүргізіліп, 103 статистикалық бюллетень шығарылды. 5 салалық статистикалық жинақ жарияланды.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) ақпараттық қамтамасыз ету үшін мұнай-газ секторы, кен-металлургия, химия және құрылыс өнімдері, фармацевтикалық және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау мен электр энергиясы, агроөнеркәсіптік кешен сияқты экономиканың басым салаларының жағдайы мен дамуын сипаттайтын негізгі индикаторлар бойынша деректер тоқсан сайын жарияланады. Бағдарламаға сәйкес республиканың арнайы экономикалық аймақтарында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін және өндірілген өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемін көрсететін нысаналы индикаторлар жарияланады.

Бағдарламаның шеңберінде Қазақстанды индустрияландыру картасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру барысына мониторинг ай сайын жүргізіледі.

Сатып алынатын тауарлардың қазақстандық қамту деңгейіне мониторинг жүргізу мақсатында ай сайын жөнелтілген өнеркәсіп өнімінің республикалық көлемінде ұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алулары және сатып алулары бойынша жөнелтілген өнеркәсіп өнімінің үлесін сипаттайтын индикаторлар қадағаланады.

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАТИСТИКАСЫ

Статистикалық жұмыстардың 2010 жылға арналған жоспарына сәйкес қызмет көрсету саласы статистикасы бойынша 96 статистикалық байқау жүргізіліп, 85 статистикалық бюллетень шығарылды. 8 салалық статистикалық жинақ жарияланды.

Статистикалық ақпараттың сапасын арттыру мақсатында республиканың облыстары бойынша теміржол және құбыр көлігінің қызметтерін бөлуді жүзеге асыратын әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның 2008 жылғы халықаралық ұсынымдарын есепке алумен туризм статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі ұлттық әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Жаңа редакциядағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес 1990-2008 жылдардағы салғастырмалы көрсеткіштерді қалыптастыру үшін «Қызмет көрсету саласы статистикасы көрсеткіштерінің жаңа жіктеліміне сәйкес серпінділік қатарларын қайта есептеу әдістемесі» әзірленді.

Интернет және ұялы байланыс қызметтерінің дамуын сипаттайтын байланыс статистикасы бойынша жаңа көрсеткіштер енгізілді.


## БАҒА СТАТИСТИКАСЫ

Баға статистикасы бойынша 2010 жылы 288 айлық байқау, 8 тоқсандық, 6 жартыжылдық және 1 жылдық статистикалық байқау жүргізілді. Жүргізілген байқаулар негізінде пайдаланушылар үшін келесі ақпарат жарияланды: 222 жедел ақпарат; 383 бюллетень (электронды кестелер); 5 жинақ; 92 баспасөз хабарламасы.

Пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін баға статистикасының көрсеткіштері бойынша статистикалық жарияланымдардың саны 2010 жылы өткен жылға қарағанда 5 пайызға артты.

### Баға статистикасы бойынша 2008-2010 жылдардағы статистикалық жарияланымдар

саны, кезеңділікті есепке алумен



Тұтыну бағаларының индексі есептеу үшін статистикалық деректер қорын құруға арналған «Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауарлық жайғасымдардың номенклатурасы» ведомстволық стандарты қайта қаралды. Тұтыну бағаларының индексі қоржынына бағалау үшін мүлдем жаңа баптар енгізілді, жекелеген жайғасымдар олардағы өкіл-тауарлар бағаларының ауытқуын азайту мақсатында нақтыланған. Экономиканың нақты сегментінде бағаларды жинау үшін анықталған өнімдер, қызметтер мен тауарлар түрлерінің 11 анықтамалығы көкейтесті етілді. Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағалары индексінің құрамы өнеркәсіп кәсіпорындары көрсететін өндірістік сипаттағы қызметтің жаңа түрлерінің енгізілуі есебінен кеңейтілді.

Баға индекстерін құрудың технологиялық тізбесінде маңызды буындар реформаланды. Еуроодақтың барлық елдерінің және әлемнің көптеген елдерінің статистикалық тәжірибесінде қолданылатын тәсілге элементарлық агрегат деңгейінде орташа бағаларды есептеу тәртібі өзгертілді. Бұл негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің сапасын және халықаралық салғастырымдылығын, инфляциялық процестерді бағалау нақтылығын жақсартуды қамтамасыз етеді.

2011 жылғы деректер бойынша ЖІӨ Халықаралық салыстыруларының жаһандық раунды шеңберінде ТМД елдерінің Халықаралық салыстыруларының Бағдарламалары үшін баға ақпаратын жинауды ұйымдастыру жөніндегі даярлық жұмыстарының циклі аяқталды. Тұтыну тауарларының 8 тобы бойынша өкіл-тауарлардың келісілген тізбелері анықталды, деректерді жинау кезеңділігі, оларды бақылау және өңдеу рәсімдері анықталды.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СТАТИСТИКА

2010 жыл бойы сайтта әлеуметтік және демографиялық статистика бойынша 42 статистикалық бюллетень, 48 баяндама, 9 баспасөз хабарламасы және 15 жедел ақпарат орналастырылды.

Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу (бұдан әрі – МИКЗ-4) – ЮНИСЕФ әзірлеген көптеген көрсеткіштер бойынша зерттеу өткізу жөнінде ұсынымдар әзірленді. МИКЗ-4 сұрақнамаларын әзірлеу нәтижесінде 2010 жылы 21 жаңа көрсеткіш енгізілді (оның ішінде 6 көрсеткіш – әйелдердің репродуктивті денсаулығы бойынша, 6 көрсеткіш – қанағаттандырылмаған қажеттіліктер бойынша, 5 көрсеткіш – әйелдер арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық, қалған көрсеткіштер 5 жасқа дейінгі баланың дамуымен, балаларды тамақтандырумен, жастардың сексуалдық мінез-құлықтары, түсіктерге және т.б. байланысты). МИКЗ-4 барысында алынған барлық ақпарат Қорытынды Есепте жарияланады. МИКЗ-4 бойынша қазақ, орыс тілдерінде жарнама ролигі, презентация слайдтары және Баяндама, ал ағылшын тілінде МИКЗ туралы презентация орналастырылды.

4 жаңа көрсеткіш енгізілді: интерактивті жабдықтың саны; Интернетке қолжетімділік; мини бала бақшалардың саны; мини бала бақшаларға баратын балалардың саны.

Есептіліктің 2 нысаны электронды пішімге ауыстырылды – Білім беру қызметтері және Денсаулық сақтау қызметтері. Бұдан басқа жалпы мемлекеттік статистикалық есептіліктің 3 нысаны қайта қаралды (жаңғыртылды).

Агенттік статистикалық ақпаратты тұтынушыларды гендерлік тұрғыда кешенді ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстанның әйелдері мен ерлері» статистикалық жинағының шығарылымын жүзеге асырады.

2010 жылғы 29 қарашада «2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының санағы. Қысқаша қорытындылар» статистикалық жинағының презентациясымен журналистер үшін брифинг өткізілді. PDF/Word форматындағы жинақ Агенттіктің сайтында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылған, сондай-ақ сайтта баспасөз хабарламалары және Презентация слайдтары орналастырылған. Санақ қорытындылары бойынша 20 томнан тұратын 16 серия бойынша тақырыптық жинақтар дайындалды. Олар да Агенттіктің сайтында орналастырылған.

## **ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ СТАТИСТИКАСЫ**

Статистикалық жұмыстардың 2010 жылға арналған жоспарына сәйкес еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша 2 ай сайынғы, 4 тоқсан сайынғы және 7 жылдық байқау орындалды.

2010 жыл бойы еңбек статистикасы бойынша еңбек құны индексін құру және бейресми жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдіснамалық материалдар әзірленді.

Тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша табыс көздерін кеңейту және бақыланбайтын экономикаға қоса есептеу коэффициентін есептеуді өзгерту бөлігінде Халықтың атаулы ақшалай табысын есептеу (бағалау) жөніндегі әдістеме көкейтесті етілді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі және Дүниежүзілік банк арасындағы келісімнің негізінде бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасының шеңберінде «Үй шаруашылықтарының бюджетін зерттеуге арналған жаңа іріктеме әзірлеу» жобасымен жұмыс істеу аяқталды. Жобаны іске асыру қорытындылары бойынша «Халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтарын іріктеуді құру әдістемесі» бекітілді және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап зерттеудің үй шаруашылықтарының жаңа желісіне өтуі жүргізілді.

Статистикалық нысандарды қайта қарау жұмысы жалғастырылды, сонымен 2010 жылы еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша 8 статистикалық нысан қайта қаралды.

Респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында 2010 жылдан бастап 3 статистикалық нысан бойынша есептерді электронды түрде қабылдау жүзеге асырылуда.

## II. АГЕНТТІКТИҢ 2010-2014 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010-2014 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары 5 стратегиялық бағытты қамтиды:

- 1) статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру;
- 2) респонденттермен жұмысты жетілдіру;
- 3) статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру;
- 4) мемлекеттік статистика органдары жүйесінің тиімділігін арттыру;
- 5) статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу.

### 1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША

2010 жылы 5 талдамалық жұмыс жүргізу жоспарланған болатын.

6 талдамалық жұмыс орындалды;

- Дүниежүзінің және Қазақстанның энергетикалық ресурстары;
- Сұраныстың макроэкономикалық көрсеткіштерінің салғастырымдылығын талдау;
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жоспарлау жүйесі: проблемалары мен жетілдіру жолдары;
- Қоршаған ортаны қорғау жағдайын талдау. Атмосфералық ауаның ластануына әсер ететін өлеуметтік-экономикалық факторлар мен жағдайларды айқындау;
- 2009 жылғы халық санағының деректері бойынша жоспарланатын балалар санымен тууды анықтау;
- «Бір терезе» принципі бойынша стандарттарды әзірлеу және енгізу: Ағымдағы жағдайды талдау.

Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру бөлігінде 17 әдіснамалық ұсыным қайта қаралып, әзірленді.

2010 жылы 3 жаңа статистикалық байқау енгізілді:

- келушілерді зерттеу сауалнамасы;
- балық аулау және аквадақыл өнімдері мен қызметтеріне бағалар;
- мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу;

Осы байқаулар негізінде «Қазақстан Республикасында келушілерді (туристерді) іріктемелі зерттеу туралы», «Балық аулау және аквадақыл өнімдері мен қызметтеріне баға және баға индексі» статистикалық бюллетеньдері шығарылды.

2010 жылы 48 статистикалық индикаторды енгізу болжанған болатын, іс жүзінде 51 жаңа статистикалық көрсеткіш енгізілді.

Статистикалық деректердің салғастырымдылығын арттыру мақсатында (әртүрлі әдістермен есептелген негізгі макроэкономикалық индикаторларды бағалаулардағы айырмашылықтарды қысқарту) көрсетілген көрсеткіштер бойынша айырмашылықтардың себептерін талдау жұмыстары жүргізілді. «Соңғы тұтынуға үй шаруашылықтарының шығындары» бойынша салыстырмалы айырмашылықтар кестесі дайындалды. Айырмашылықтар бар көрсеткіштер анықталды. Есептеулерді жетілдіру бойынша бұдан арғы жұмыстар жүргізілуде.

## 2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША

2010 жылы алғашқы статистикалық деректер санын азайту мақсатында статистикалық нысандарда 667 алғашқы статистикалық көрсеткіш жойылды.

Жаппайды іріктемелі зерттеуге ауыстыру шеңберінде келушілерді зерттеу сауалнамасы бойынша іріктемелі зерттеу жүргізіліп, «Қазақстан Республикасында келушілерді (туристерді) іріктемелі зерттеу туралы» статистикалық бюллетень шығарылды.

Қолданыстағы ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын қайта қарауды жүргізу кезінде 10 ведомстволық нысанды қайта қарау жоспарланды, іс жүзінде 31 нысан қайта қаралды, оның ішінде 6 нысан жойылды.

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың нысандарын қайта қараумен жоспарланғандай 70 статистикалық нысан қамтылды.

онымен қатар, 53 статистикалық нысанды электронды түрде қабылдау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу және сүйемелдеу жүзеге асырылды.

Облыстық статистика департаменттермен респонденттерге 24 793 түсініктеме, кеңестер өткізілді.

### 3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША

Статистика агенттігінің интернет-ресурсына кірулер саны Агенттіктің және облыстық статистика департаменттерінің сайтында статистикалық ақпаратты орналастыру және көкейкесті ету есебінен 280 мыңнан асып түсті.

Орталық аппаратта Сапа менеджменті жүйесінің ҚР СТ 9001-2001 талаптарына сәйкестігін растау мақсатында Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінде инспекциялық бақылау өткізілді және стандарт талаптарына сәйкестігіне растау алынды.

«Алғашқы статистикалық деректерді ұсыну» мемлекеттік қызмет стандартының жобасы әзірленді.

2010 жылы Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша 16 сериялы статистикалық жинақ шығару жоспарланған болатын. 2010 жылғы 29 қарашада «2009 жылғы Қазақстан Республикасының халық санағы. Қысқаша қорытындылары.» статистикалық жинақтың тұсауы кесілді. Жарияланымның электронды нұсқасы Статистика агенттігінің сайтында орналастырылған.

### 4-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША

Мемлекеттік органдардың 5 жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді: ІІМ Автокөлік құралдарының ДҚ; ҚР ӘМ АХАЖ АЖ, ҚР ӘМ ЖТ МДҚ, ҚР ӘМ МЖТ МДҚ, ҚР ҚМ СК АЖ.

2010 жылғы 19 наурызда «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

### 5-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША

2010 жылы Қазақстан Республикасында халықаралық семинарлар өткізу шеңберінде Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің статистикалық қызметтері басшыларының екінші кездесуі өткізілді. Баға статистикасы бойынша ТМД өңірі елдерінің 2011 жылға халықаралық салғастырылымдар бағдарламасының Жаһандық раунды үшін тауарлар мен қызметтерді келісу бойынша кеңес өткізілді. Қазақстанның мемлекеттік статистикасының 90 жылдығына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Статистика саласындағы халықаралық семинарларда Статистика агенттігінің 84 қызметкері қатысты.

## III. СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

### СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ҮШІН ҚЫЗМЕТТЕР

Статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сұрау жүргізу нәтижелері бойынша 2010 жылы 85% көбі жарияланатын ақпараттың көлемімен қанағаттанады. Агенттік сайтынан ақпаратты алатын пайдаланушылар үлесі 65% құрай отырып, 14 пайыздық тармаққа артты. Ақпаратты ұсыну нысанымен толық қанағаттанған пайдаланушылардың үлес салмағы 4,8 пайыздық тармаққа артты. Мұның өзінде көбіне талдамалық ақпаратты сұралғандардың 42% алғымыз келеді. Ресми статистика деректеріне жоғары сенім деңгейін статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың (75% жоғары) 71% белгіледі.

Статистика агенттігі статистикалық ақпаратты тарату нысаны мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, көпшілік қауымға Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективті және сапалы ақпаратты уақытында ұсынуға тырысады.

### ЖАРИЯЛАНЫМДАР

2010 жылы Агенттік жарияланымның 47 атауын шығарды, соның ішінде:

- Қазақстанның үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды мониторингілеу шеңберінде тоқсан сайын «Қазақстанның үдемелі, индустриалды-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері» бюллетені шығарылып отырады;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» кітапшасы шығарылды;
- Қазақстанның мемлекеттік статистикасының 90 жылдығына орай «Қазақстанның мемлекеттік статистикасы. 90 жыл» жинағы, «Қазақстанның мемлекеттік статистикасының даму перспективалары» кітапшасы, «Қазақстан статистикасы: даму қорытындылары мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция баяндамаларының жинағы шығарылды;
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында» жинағы шығарылды.

Барлық статистикалық жарияланымдар орыс және қазақ тілдерінде шығарылады. Ақпаратпен халықаралық алмасу мақсатында жарияланымдардың бір бөлігі ағылшын тілінде шығарылады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып статистикалық жарияланымдар құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, полиграфиялық орындау сапасы мен дизайнын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

## ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ТАРАТУ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) интернет-ресурсы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) өз пайдаланушыларын Қазақстанның барлық өңірлері бойынша өзекті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ететін статистикалық ақпаратты таратудың негізгі арналардың бірі болып табылады.

Бүгінгі күні Интернет-ресурста «Қазақстан цифрларда», «Жарияланымдар», «Агенттік туралы», «Респонденттерге» сияқты және т.б. бөлімдерде ұсынылған әртүрлі статистикалық материалдардың топтамасы жарияланады. Сондай-ақ Интернет-ресурста соңғы 5 жылға негізгі көрсеткіштер бойынша ақпарат, 10-нан астам жылға серпінділік қатарлар, сондай-ақ жаңалықтар мен Агенттіктің баспасөз хабарламалары, әдіснамалық түсініктемелер, жоспарлар мен есептер, бейне материалдар, әртүрлі кестелік және кескіндік материалдар жарияланатын барлық салалар бойынша деректер ұсынылған.

Барлық ақпараттық материалдар Интернет-ресурста Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес орналастырылады. Интернет-ресурстың әрбір бөлімі тиісті өзекті әрі дәйекті статистикалық ақпаратты ұсынады. Мәселен, «Жарияланымдар» бөлімінде әртүрлі статистикалық жинақтар мен журналдар, сондай-ақ статистиканың 20 саласы бойынша бюллетеньдер ұсынылған. Саланың әрбір бетінде пайдаланушылар қосымша ақпарат алу үшін жүгіне алатын байланысушы тұлғалардың деректері жарияланады.

Интернет желісі арқылы Агенттік қызметкерлерімен Интернет-ресурста тиісті бөлімдерде де жарияланатын статистикалық ақпаратты электронды тарату жүзеге асырылады. 2010 жылы Интернет-ресурстан жыл сайын 40-тан астам атауы орналастырылатын баспасөз хабарламаларын электронды таратуға 1084 пайдаланушы жазылған. Интернет-ресурс арқылы электрондық таратуды жасау жұмыстары жалғастырылуда.

Интернет-ресурс электронды ақпараттық қызмет көрсетуден басқа пайдаланушыларға өздерін қызықтыратын сұрақтарды «Блоктар» бөлімінде қоюға және оларға жауап алуға, сонымен қатар Агенттік қызметкерлеріне кеңес үшін жүгінулеріне мүмкіндік беретін электронды интерактивті қызметтер ұсынады.

Интернет-ресурсқа ай сайын 30 мыңнан астам Интернет желісін пайдаланушы кіреді. 2010 жылы келушілердің ең жоғары саны қазан айында тіркелді – 45 097.

Шетелдік пайдаланушылар мен халықаралық ұйымдарға статистикалық деректер бойынша 130-дан астам (жоспар бойынша 100) сұрақнамаға жауаптар берілді.

## **РЕСПОНДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР, СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕНИ ТӨМЕНДЕТУ**

2010 жылы алғашқы статистикалық деректерді ұсынатын респонденттердің қанағаттанушылығына пікіртерім жүргізілді. Агенттік жұмысымен қанағаттанушылық деңгейін 995 сауалнама қатысушыларының 75% артығы белгіледі, бұл сұралғандардың 66% құрады. Статистика органдарының ұсынылатын алғашқы деректердің құпиялылығына кепілідігін толыққанды қамтамасыз ететініне сенімді респонденттер үлесі өткен жылмен салыстырғанда артып, 96%-ды құрады. Пікіртерім нәтижелері бойынша респонденттердің 79% статистикалық нысандарды электронды түрде тапсыруға дайын. Агенттік сайтында орналастырылған ақпаратты пікіртерім қатысушыларының 54%-ы пайдаланады.

Агенттікпен барлық аумақтық бөлімшелерде «бір терезе» принципі бойынша жұмыс қызметі – респонденттермен жұмыс бойынша басқарма енгізілді, ол:

- 1) респонденттерден алғашқы статистикалық ақпаратты жинауды қамтамасыз етеді;
- 2) ұсынылған деректердің дәйектілігін бақылауды жүзеге асырады;
- 3) статистикалық тіркелімге өзгерістер енгізеді;
- 4) респонденттерді статистикалық нысандар бланкілерімен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді;
- 5) респонденттерге оларға ыңғайлы нысанда әдіснамалық және консультативтік қолдау көрсетеді;
- 6) қажетті анықтамалық ақпаратты қамтамасыз етеді.

Статистиканың аумақтық органдарының веб-сайтында респонденттер үшін әр түрлі ақпараттар орналастырылады (семинарлар жоспары, статистикалық нысандар тізбесі және т.б.). Сонымен қатар өңірлік деңгейлерде «бір терезе» принципін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында статистикалық нысандар, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтардың сапасы жақсаруда, сондай-ақ әкімшілік дереккөздер деректерін пайдалану кезінде статистикалық нысандарды оңтайландыру жұмыстары жүргізілуде.

## IV. СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ СТАТИСТИКА

### КАДРЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жалпы штат саны 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 170 қызметкерді құрайды, оның ішінде: Агенттіктің орталық аппаратында 260 қызметкер, аумақтық бөлімшелерде 2 910 қызметкер.

Агенттікте жұмыс істейтін әйелдердің жалпы саны 201 адамды құрады, олардың жұмыс істейтіндердің жалпы санынан үлес салмағы 82,7%. Агенттік мемлекеттік қызметшілерінің орташа жас мөлшері 33,8 жасты құрайды.

Неғұрлым үлкен үлес салмақты (55,2%) 30 жасқа дейінгі қызметкерлер құрайды, неғұрлым төмен (9,1%) 51 жастан үлкендер.

Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметкерлер 242 адам немесе жалпы санынан 99,6%. 143 қызметкердің жоғары экономикалық білімі бар, немесе 59,1%, олардың 8 адамның ғылыми дәрежесі бар, 37 адамның немесе 15,3% біреуден көп жоғары білімі бар.

Ұлттық құрамы бойынша Агенттіктің мемлекеттік қызметшілері келесідей бөлінеді:

- қазақтар - 221 адам (90,9%);
- орыстар - 19 адам (7,8%);
- басқалар - 3 адам (1,2%), оның ішінде: татарлар 2, қырғыздар 1.

Қызметкерлердің мемлекеттік қызметінің орташа өтілі 6,9 жылды құрайды, оның ішінде:

- бір жылға дейін – 26 адам (10,7%);
- 1-ден 5 жылға дейін – 105 адам (43,2%);
- 5-тен 10 жылға дейін – 59 адам (24,3%);
- 10-нан 15 жылға дейін – 21 адам (8,6%);
- 15-тен 20 жылға дейін – 13 адам (5,4%);
- 20 жылдан астам – 19 адам (7,8%).

Агенттік қызметкерлерінің атқаратын лауазымындағы орташа өтілі 2,2 жылды құрайды, оның ішінде:

- бір жылға дейін 56 адам (23%);
- 1-ден 5 жылға дейін – 181 адам (74,5%);
- 5 жылдан астам – 6 адам (2,5%).

Қазіргі уақытта Агенттікте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген 4 қызметкер және «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқытудан өткен 5 қызметкер жұмыс істейді.

Даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру курстарында оқытудан орталық аппараттың 20 қызметкері өтті.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Агенттіктің халықаралық өзара іс-қимылдары әртүрлі статистикалық ұйымдармен (БҰҰ Статистикалық комиссиясы, БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы, Еуростат, Түрік Халықаралық ынтымақтастық агенттігі, ТМД Статистикалық комитеті және басқалары) және ұлттық статистикалық офистермен (Норвегия, Германия, Түркия, Өзірбайжан және басқалары) көптарптық және екітарптық деңгейлерде іске асырылады.

Шет елдермен өзара тиімді ынтымақтастық жалғасуда. Қазіргі уақытта Қазақстан және Норвегия сапаны басқару, ұлттық шоттар, тіркелімдер және баға статистикасы бойынша жобаларды іске асыруда, осының шеңберінде екі ел мамандарының өзара келіп-кету сапарлары жүзеге асырылады.

Агенттік Германияның Федералдық статистикалық басқармасымен табысты жұмыс істейді, атап айтқанда, тауарлық-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық-германдық үкіметаралық жұмыс тобы шеңберінде қызмет көрсету статистикасы және сауда статистикасы саласында.

2010 жылы Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықта Қазақстанның статистикалық жүйесін кешенді дамыту бойынша жұмыс басталды.

2010 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (АТМЭК) Статистика комитеті бюросының Вице-Төрағасы болғанын атап өту қажет.

2010 жылғы 9 қарашада ТМД елдері Статистикалық қызметтерінің басшылары кеңесінің 44-інші отырысында ҚР Статистика агенттігінің төрағасы Ә.А. Смайылов Кеңестің Төрағасы болып тағайындалды.

Басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың маңыздылығы кем емес. Агенттіктің өз қызметкерлерін жыл сайын халықаралық ынтымақтастық бойынша Біріккен Вена институтының, Халықаралық валюта қорының, Корея, Жапония және Түрік агенттіктерінің оқу курстарына (KOICA, JICA және TICA) бағыттау мүмкіндігі бар.

2010 жылы Агенттіктің 84 қызметкері шетелде келесі бағыттар бойынша статистика саласында тәжірибемен алмасу және біліктілікті арттыру курстары бойынша 30-дан астам іс-шараларға қатысты:

- метадеректер бойынша;
- көші-қон статистикасы бойынша;
- ресми статистиканың сапасы бойынша;
- гендерлік статистика бойынша;
- статистикалық ақпаратты тарату бойынша;
- адами ресурстарды басқару бойынша;
- бизнес тіркелімдер және олардың бизнес статистикасында рөлі бойынша;
- жұмыспен қамтуды өлшеу бойынша;
- статистиканы ақпараттандыру және коммуникациялық технологиялар және т.б. бойынша.

Қазақстан Республикасында халықаралық өкілдердің қатысуымен статистика бойынша 4 халықаралық семинар (жоспар бойынша 1) өткізілді.


Түркияның, Румынияның, Кореяның статистикалық қызметтерімен, ТМД Статистикалық комитетімен, Еуростат, ЮНФПА және ЮНИСЕФпен ынтымақтастық туралы 6 халықаралық меморандумға қол қойылды. Иранмен меморандумға қол қою бойынша жұмыс жүргізілуде.

Агенттіктің статистикалық әлеуетін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында халықаралық сарапшылардың 13 миссиясы ұйымдастырылды.

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Агенттік ағымдағы ақпараттық инфрақұрылымды даму үшін озық ақпараттық технологияларды және «электрондық үкімет» инфрақұрылымымен және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған телекоммуникациялық жүйелерді қолдана отырып, республикалық ауқымды қамтитын, өзіне пайдаланылатын және құрылатын ақпараттық жүйелердің жиынтығын біріктіретін «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін («е-Статистика» ИАЖ) құру бойынша жұмыстарды жүргізуде.

«е-Статистика» ИАЖ 18 компонентті қамтиды, оның 4-і дамытуды талап етпейді және 4 компоненті дамытуға жатады, ал 10 компонент өзірлеуге жатады.



### Жобаны іске асырудан түсетін пайда:

1. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар (ақпарат дереккөздері) үшін:
  - сұрауды электронды түрде өңдеуге біртіндеп көшу, қағаздық өңдеуден шығу;
  - статистикалық деректермен қамтамасыз ету;
  - есептілікті қалыптастыруға және ұсынуға кететін уақыт және нақты шығындарды қысқарту.
2. Мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар (ақпаратты алушы) үшін
  - қажетті ақпаратты іздеуге және алуға уақытты қысқарту;
  - статистикалық ақпаратты өзінің ақпараттық жүйелерінде бастапқы ақпарат ретінде тиімді пайдалану мүмкіндігі;
  - алынатын ақпараттың неғұрлым кең ауқымы.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі үшін:
  - барлық қызметтерді электронды түрге ауыстыру;
  - жұмыстың тиімділігін арттыру.

Жобаны іске асыру 2011-2013 жылдарға жоспарланған, алайда 2010 жылдың мынадай компоненттер әзірленді:

- «Он-лайн режимінде деректерді жинау» АЖ респонденттерге Агенттіктің веб-порталында статистикалық есептілік бланктерін цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, кеңседен шықпай толтыруға мүмкіндік береді,

- «Әкімшілік деректер» ДҚ алғашқы әкімшілік статистикалық ақпаратты көшіруге, қайта құруға, біріздеуге, сақтауға және олар бойынша есептерді зерттеуге және дайындауға арналған;
- «Ақпараттық-талдамалық жүйе» пайдаланушыларға қажетті кестелік, графикалық немесе географиялық бейнеде қажетті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

«е-Статистика» ИАЖ құру, сондай-ақ басқа АЖ-мен интеграциялау статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау процесін орталықтандырады және статистикалық тіркелімдер жұмысын жетілдіреді.

## СТАТИСТИКА САЛАСЫНДА НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

2010 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңдары күшіне енді.

Заңдар:

- статистикалық ақпаратты түзу кезінде әкімшілік деректерді пайдаланудың толықтылығына;
- алғашқы статистикалық ақпарат құпиялылығының кепілін бекітуге лауазымды тұлғалардың құпиялылықты сақтамағаны үшін жауапкершілігін күшейтуге;
- мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының алғашқы статистикалық деректерді ұсыну бойынша статистика органдарының жұмысына және респонденттердің қызметіне араласпауына;
- Агенттіктің тарапынан ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру саласында барлық мемлекеттік органдардың қызметіне үйлестіруді күшейтуге бағытталған.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – негізі Заң) негізгі мақсаты мемлекеттік статистика саласында мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін құру болып табылады.

Заң қоғамды, мемлекеттік және халықаралық қоғамдастықты Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және экологиялық жағдайы туралы толық, дәйекті, сапалы, ғылыми-негізделген және уақтылы мемлекеттік статистикамен қамтамасыз етуге бағытталған және статистикалық ақпаратты пайдаланудың мақсатын (тек статистикалық мақсатта) нақты анықтауға мүмкіндік береді, бұл респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық ақпараттың сапасын арттырады. Респонденттер

ұсынатын алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету бірінші кезекте кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қорғауға бағытталған, бұл мемлекеттік статистика органдарына кіретін мемлекеттік органдарға сенімді арттыруға мүмкіндік береді және пайдаланушыларды дәйекті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Негізгі Заңда құқық қолдану тәжірибесіндегі әр түрлі ұғынылуын алдын алу мақсатында үй шаруашылықтарының мазмұнын ашатын және көрсетілген функцияның (шаруашылық бойынша есепке алу – үй шаруашылықтары бойынша әкімшілік деректерді қалыптастыру процесі) іске асырылуын анықтайтын норма көзделген.

Негізгі Заң Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы өңіріндегі ресми статистиканың негіз құрайтын принциптеріне сәйкес келеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ілеспе заң болып табылады. Осы заң заңнамалық актілердегі терминологияны негізгі Заңға сәйкестендіруді көздейді.

Анықтамаларды нақтылау, мемлекеттік органдардың құзыретін қозғайтын нормаларды негізгі Заңдағы терминологияға және тұжырымдаға сәйкестендіру, уәкілетті органның әкімшілік дереккөздердің деректеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 105 заңнамалық актіге өзгерістер енгізілді. Дүниежүзілік Банкпен өзара іс-қимыл жасау бойынша Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізу (Doing business) қолайлылығының деңгейі жөніндегі рейтингті тағайындау бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде бірқатар заңдарға мемлекеттік статистика саласында уәкілетті органда тіркеудің құжатсыз нысанын көздейтін өзгерістер енгізілді, яғни статистикалық карточканың күші жойылды. Тиісінше, заңнамалық актілерден кәсіпкерлік субъектілерінің құрылтайшы құжаттармен қатар статистикалық карточканы міндетті ұсынуын көздейтін нормалар алынып тасталуда.


Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, респонденттерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін алғашқы статистикалық деректерді, статистикалық ақпаратты немесе деректер қорын жоғалтқаны, сатқаны, бергені немесе өзге де заңсыз жария еткені үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Агенттікте ҚР СТ ИСО 9001 ұлттық стандартының талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесі енгізілді. Агенттік жыл сайын стандарт талаптарына сәйкестікті растайды.

2010 жылы жүргізілген инспекциялық бақылаудың қорытындылары бойынша сыртқы аудиторлар жүйе нәтижелілігінің артуын атап өтті. 2011 жылы аумақтық статистика органдарында сапа менеджменті жүйесін енгізуді бастау жоспарлануда.

# Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құрылымы/Структура Агентства Республики Казахстан по статистике



**АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ**

**ОТЧЕТ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АГЕНТСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО СТАТИСТИКЕ ЗА 2010 ГОД**

**Астана 2011**

## СОДЕРЖАНИЕ

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО ПРЕДСЕДАТЕЛЯ АГЕНТСТВА ПО СТАТИСТИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	3
I. ИТОГИ ВЫПОЛНЕНИЯ ПЛАНА СТАТИСТИЧЕСКИХ РАБОТ 2010 ГОДА.....	4
Статистика национальных счетов.....	4
Статистика производства .....	5
Статистика услуг .....	5
Статистика цен .....	6
Социальная и демографическая статистика .....	7
Статистика труда и обследований домашних хозяйств .....	8
II. ИТОГИ ВЫПОЛНЕНИЯ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПЛАНА АГЕНТСТВА НА 2010-2014 ГОДЫ.....	9
По Стратегическому направлению 1 .....	9
По Стратегическому направлению 2 .....	10
По Стратегическому направлению 3 .....	11
По Стратегическому направлению 4 .....	11
По Стратегическому направлению 5 .....	11
III. СТАТИСТИЧЕСКИЕ УСЛУГИ.....	12
Услуги для пользователей статистической информации.....	12
Публикации .....	12
Интернет и электронная рассылка .....	13
Услуги для респондентов, снижение статистической нагрузки .....	14
IV. СТАТИСТИКА О СТАТИСТИКЕ.....	15
Кадровый потенциал.....	15
Международное сотрудничество .....	16
Информационные технологии.....	17
Совершенствование нормативно-правовой базы в сфере статистики.....	19
Система менеджмента качества.....	21
СТРУКТУРА АГЕНТСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ ..	22



## Приветственное слово Председателя Агентства по статистике Республики Казахстан

Для органов статистики 2010 год ознаменован 90-летием государственной статистики Казахстана и проведением Всемирного дня Статистики.

